

Бекітемін:

ҚР МАМ

«К.Байсейітова атындағы дарынды
балаларға арналған РММОМИ» РММ
директоры

Абдрашев Б.Т.

сәуір 8 2026 ж.



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

**«К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық
мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ**

**«Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыкалық
орындаушылық» бөлімі**

«Алатау ырғақтары»

**II Аймақтық балалар мен жасөспірімдердің ұрмалы аспаптарда
орындаушылар байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

(Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан республикаларының мамандандырылған
музыкалық мектептері, қосымша білім беру мектептері, музыкалық колледждері
және жоғары оқу орындарының оқушылары арасында)

26 сәуір 2026 ж.

Алматы қаласы

Байқауды ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасының «К.Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта
мектеп-интернаты» РММ-нің «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық
музыкалық орындаушылық» бөлімі.

Байқаудың мақсаты: талантты музыканттарды анықтау және қолдау,
орындаушылық шеберлікті дамыту және ұрмалы аспапта ойнауды насихаттау.

Байқаудың мақсаттары:

- Үрмелі және ұрмалы аспаптарда ойнайтын дарынды оқушылардың дамуын қамтамасыз ету;
- Оларды білімнің ерте кезеңінен сахнада өнер көрсетуге баулу;
- Мамандандырылған музыка мектептері мен музыкалық колледждерде ұрмалы аспаптар бойынша оқытудың сапасын арттыруға ықпал ету;
- Мамандандырылған музыкалық мекемелер арасындағы шығармашылық байланыстарды нығайтуға, мұғалімдер арасында тәжірибе алмасуға ықпал ету;
- Ұрмалы аспаптарда орындаушылықты дамыту және насихаттау, классикалық және заманауи музыканы кеңінен таныстыру, ең дарынды әрі кәсіби болашағы бар орындаушыларды анықтау.

Номинациялар:

Ансамбльдік шеберлік: дуэттер, трио.

Ансамбльдік шеберлік: квартеттер және одан да көп құрамдар.

Жас санаттары:

Номинациялар: дуэт, трио.

Категория А (12 жас)

Категория В (12- 16)

Категория С (16-19)

Категория D (жоғары оқу орындары)

Категория E (оқытушылар)

Номинация: квартет және одан да көп.

Категория А (8-14 жас)

Категория В (10-16 жас)

Категория С(14-19 жас)

Категория D (18-24 жас)

Бағдарламалық талаптар:

Барлық санаттар үшін – екі түрлі сипаттағы шығармалар, берілген санаттың деңгейіне сәйкес (15 минуттан аспайды).

Байқау шарттары: Байқау бетпе-бет өткізіледі, қатысушыларға залда акустикалық репетицияға мүмкіндік беріледі (байқау тыңдалым күніне 10 минуттан аспайды).

Гран-При барлық номинациялар мен санаттар бойынша біреуге беріледі.

I, II және III орын алған қатысушылар байқаудың лауреаттары болып саналады; ұпай саны бойынша келесі үш орын алған қатысушылар дипломанттар болып есептеледі. Лауреаттар мен дипломанттар дипломдармен марапатталады.

Лауреаттарды дайындаған педагогтар мен концертмейстерлер байқау ұйымдастыру комитетінің алғыс хаттарымен марапатталады.

Жюри барлық орындарды тағайындауға, бірдей ұпай жинаған қатысушылар арасында орынды бөлісуге, лауреаттарды дайындаған педагогтар мен концертмейстерлерді марапаттауға құқылы. Жюри шешімі соңғы болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Қазылар алқасының құрамына: арнайы музыкалық мектептердің,

музыкалық колледждердің және жоғары оқу орындарының ұрмалы аспаптардан дәріс беретін оқытушылары кіреді.

Қаржылық шарттар: байқауға қатысу тегін;

Байқау өткізу мерзімі: 2026 жылғы 26 сәуірде «К.Байсеітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған мектеп-интернат» базасында өткізіледі.

Өтінімдер Word форматында 2026 жылғы 16 сәуірге дейін armanmarimba@gmail.com электрондық поштаға қабылданады.

Өтінімде көрсету қажет:

- Қатысушылардың толық аты-жөні, ансамбль атауы, жасы;
- Оқытушының және концертмейстердің толық аты-жөні;
- Мекеме атауы;
- Бағдарлама (уақытша хронометраж);
- Байланыс ақпараты.

Байқаудың ұйымдастыру комитеті:

Байқауды ұйымдастыру және өткізуге жауапты: Хамитов Арман Сахитович, «К.Байсеітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ-нің «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыкалық орындаушылық» бөлімінің ұрмалы аспаптар оқытушысы. +77071021949

Координатор: Жақсыбергенов Арман Асылбекович, «К.Байсеітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ-нің «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыкалық орындаушылық» бөлімінің меңгерушісі. +77017440777

Жауапты хатшы: Мұстафина Салтанат Бейбетовна +77775290159